

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

F 96

F96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- ұлтжанды қайраткер публицистикасында ұлт мәселесіне байланысты; ойларын кең да жаңаша пайымдайды. Ұлтқа жаны ашуы Мұстафа Шоқайды тек зиялы қауым өкілі ретінде ғана толғандырмай, оның әр түрлі қисындарын жүйелі сараптайды;

- саяси қырағылық, білімділік пен ой-сананың сергектігі және әр тараптағы терең ойшылдық;

- Мұстафа Шоқай қайраткерлігінің басты сипаты. Сондықтан да қайраткер әлеуметтік-саяси ахуал туралы, өзге ел, мемлекеттер жайлы, жекелеген адамдар, қайраткерлер жөнінде, халықаралық жағдай туралы жан-жақты пікір білдіріп, білгір де көреген ойларды қозғайды.

Осы мәселелердің қай-қайсысында сол қоғам үшін аса маңызды еді. Мұстафа тек ақпарат беретін сипатта емес, кең түрде, өзінің сарабал, салмақты ойларымен әрбір мәселенің түбегейлі шешім табуға тиісті жақтарын білгірлікпен баяндаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: «Қайнар». – 1998. – 2. Т. – 520 б.
2. Жұртбай Т. “Бесігіңді аяла...!” Монография эссе. Астана: Фолиант, 2003.-504 б.
3. З.Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. - Астана: Фолиант, 2007.-320 б.
4. Қозыбаев М. Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 1998.-344 б.
5. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. (Гл. Ред. Р.Нургалиев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.-477 б.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ МЕН ҚАРА СӨЗІНДЕГІ КҮЛКІНІҢ МӘНІ

Бимаханова Гүлзира Садыққызы

gulzira_sadik@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – О.Темірбеков

Ұлы Абайдың бай мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған мол рухани қазынасы. Абайдың сөзі, поэзиясындағы терең ойы қазақтың бойтұмары іспеттес. Абайды тану, бағалау, насихаттау қоғамдық, адамзаттық ой-санада тың серпіліс тудырады. Заман ағымына қарай, Абай поэзиясының, қарасөздерінің жаңа қырларын ашу, тану, ғылыми тұрғыдан тың дүниелерге көз жүгірту, жаңа байламдар жасау – заңдылық. Абай тақырыбы, оның поэзиясының тереңдігі, айтар ойы, көтерген жүгі – таусылмайтын телегей теңіз.

Ел президенті Н.Ә Назарбаевтың Абайдың 150 жылдық мерейтойында (1995) сөйлеген сөзінде айтқан мына жүйелі терең ойы қай жанға болсын бағыт-бағдар беріп тұр: «...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді... Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір үніліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың». [1] Адамның хайуаннан айырмашылығы – оның ақыл-парасаты. Адам өмірге келіп, тірліктің тереңіне бойлаған сайын дүниенің мәнін табуға асығады. Оларда түрлі сұрақтар туындап, сансыз сауалдар мазалайды. Ақыл-парасаттың, өмір мен өлімнің, байлық пен тұрмыстың тіпті қай нәрсенің болсын тереңіне бойлаған сайын біз ат басын Абайға бұрамыз, хакімнің сөздеріне жүгінеміз. Ондағы кемел ойлар әр пенденің қажетіне жарайтыны даусыз. Сондықтан, ұлы ақынның поэзиясы мен қарасөздеріндегі парасаты мен тағылымы мол ойларды әркім өзінше түсінеді, сараптайды, бағалайды. Оның жырларынан адамзаттың терең құндылықтарын табуға болады. Мәселен:

Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса, жарайды қылса сұхбат – деген терең мағыналы, тәрбиелік мән зор өлеңі бар. Мұндағы күлкі қандай күлкі? Абай үшін «қымбат» күлкі қандай? Абайдың сатирик екендігі баршаға мәлім. Ақынның алғашқы өлеңдері әзіл-әжуаға, мысқылға құрылғандығын білеміз. Ал оның «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдердегі билікке таласқан пенденің әлеуметтік-психологиялық бейнесі, жағымпаз болыстың портреті, мінез-құлқы, психологиясы, патшадан шен таққан болыстардың халық үстінен байыған дүниекоңыз, шенқұмар мінездері, заманның кемшілік-қайшылықтары улы мысқыл, сарказм арқылы берілген. [2]. Бірақ мұндағы «қымбат» күлкі мысқылға, сатираға тән емес. Бұл өлеңнің педагогикалық астарын, тәрбиелік мәнін ғалымдар екшелеп, зерттеп берген. Дегенмен, Абай айтқан әр сөзге үңілсек, астарынан тұнған философияны байқаймыз. Менің ойымша, Абай ұғымында «қымбат» және «арзан» күлкі бар. Ал күлкі жақсылыққа арналуы керек. Жалпы күлкі – адамның бойын жақсылық кернегенде болатын феномен. Күлкі адамның «көкірек көзінен» яғни жүрегінен шықса шынайы, таза болады. Абайдың айтқан «қымбат» күлкісі де осы болар. Ал «арзан» күлкі адамның нәпсісінен туындайды. Өмірдің тереңіне бойламай, жеңіл көзқараспен тіршілік кешіп, барлық нәрсеге атүсті қарап, әжуа күлу «арзан» күлкіге жатары хақ. «Арзан» күлкі арсыз, жалған болып келеді. «Қымбат» күлкі рухтан туындайды, рухтың перзенті. Осы өлеңдегі Абай философиясының мәні осыған саятын секілді. Яғни адамның бойындағы нәпсіден туындайтын күлкі «арзан» күлкі де, рухтан туындағаны – «қымбат» күлкі. Абайтанушы-ғалым Ғарифолла Есім: «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шығармаларын жаттап алу да аз, мәселе, оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...» - деп пайымдайды. [3]. Ғалым Абай өлеңдерінің педагогикалық, психологиялық астарымен қатар, философиялық, адамзаттық терең ойына мән беру керектігін айтады.

Ұлы ойшыл күлкіге қатты мән берген. Оның түріне, сан қырына бойлаған. Ақынның әр өлеңінде күлкінің философиялық мәні әрқилы. Мысалы:

Жасында бір күлгенің бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,

Ең болмаса, еңбекпен мал табалық...-дейді Абай. Мұнда да философ ақын күлкінің құнына мән береді. Әр күлкінің астарына үңіледі. Біріншіден осы шумақтан жастық шағында істеген ісің, айтқан сөзің, қылған еңбегің үшін жауап бересің деген ой түйуге болады. Яғни жастық шақтағы күлкің – бір қара мал. Оның жүгі осындай ауыр екендігін меңзейді. Бұл туралы О.Жәлелұлы өз зерттеулерінде былай дейді: ««Күлкі» - уайымға қарама-қарсы категория. Абай: «жастықта бір күлгенің - бір қаралық» дейді. Не айтпақшы? Қалай түсінуге болады? Таратып көрелік. «Қара» - қазақ ұғымында «мал» деген ұғымды білдіреді. Ал, «мал» - байлықтың көрсеткіші. «Бір қаралық» - бұл жерде белгілі бір құнның мөлшерін көрсетіп тұр. Яғни, сөз күлкінің құны туралы болып отыр. Күлкі қымбат тұрады: «бір күлгенің - бір қаралық», қазір жас кезінде күлгенмен ертең құнын төлеуге тура келеді. Өмір – қатал. Тіршіліктің темірдей бұлжымас заңдылықтары бар – оның аты экономика. Егер сен нағыз қайрат қылатын кезде қайрат қылмай, мүмкіндігіңді жіберіп алсаң, өмір сені аямайды. Иллюзия – жастыққа тән нәрсе, бірақ оның де сейілетін кезі болады. Сол кезде тіршілік боямасыз, бар ұсқынсыз кейпімен алдыңнан шығады. Оның аты – «жарлылық, жалынышты, жалтаң көздік, сүйкімі-икемі жоқ шалдуарлық». Сөз жоқ, Абай бұл жерде реалистік әрі прагматикалық ойдың иесі ретінде көрініс береді. Ол ақыл айтады, бірақ жалаң ақыл айтушылыққа (менторлыққа) ұрынбайды, кеңес береді, бірақ догматизмнен ада. Жас адамға қалай күлме деп айтасың? Сондықтан Абай «күлме» демейді, «күлкі бақпа» дейді.[4] Абай осы өлеңінде күлкі бақпа, харекет қыл дейді. Харекетті дүние шаруасынан, ұрпақ өсіруден, еңбектеніп мал жинаудан, не өнер, не білім мен ғылымнан іздеу керек. Абай бұған да жауапты өзі береді. О.Жәлелұлының зерттеуінен: «Абай бірінші орынға әлбетте өнерді қояды. Бірақ бұл жалпы жұрттың қолынан келе бермейтін адами болмыстың биік сатысы.

Қазақтар «өнер алды - қызыл тіл» дей отырып тіл өнеріне, оның ішінде, әсіресе ақындық, шешендік, жыршылық-жыраулық өнеріне қатты ден қояды. Тіл өнерінің қай-қайсысы болмасын туған халқының мәдениетін, тарихын, салт-санасын жетік білуді талап ететіні сөзсіз. Ендеше, Абайдың адамды адам ететін өнерді бірінші орынға қоюы түсінікті жайт. Өнерге қабілеттілік - туа бітетін қасиет. Өнер киесі екінің біріне қона бермейтінін, қонған күнде де оған ерекше бап, күтім, өлшеусіз еңбек керек екенін ескере отырып Абайдың «қолдан келсе» деп ескертетіні содан ба дейміз. Ал өнер киесі қонбаған жағдайда не істемекпіз... Тіршіліктің мәнін неден табамыз? «Онда, - дейді Абай, - ең болмаса, еңбекпенен мал табалық». Бұл екеуін де Абай «орынды харакетке» жатқызады». [5] Демек, күкі бақпай өнер ізде, еңбек қыл, қартайғанда соның зейнетін көресің, жастықтың жалынымен жүріп ертеңгі қарттық шағынды ұмытпа деген ой айтады. Қарттық келіп жеткенде өкініш өзегінді өртемесін дейді.

Абай Құнанбаев ұлттық ойлау шеңберінен шығып, әлемдік деңгейде ой түйген кемеңгер. Бұл туралы ғалым Н.Кенжеғараев былай дейді. «Абай Құнанбаев алғашқылардың бірі болып, ұлттық шеңберден де шығып, әлемдік, адамзаттық деңгейге көтерілген алып тұлға». [6] Күлкінің адам өміріндегі алар орны, жалпы мәні Абайдың төртінші қарасөзінде жалғасын тапқан.

«Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын». [7] Күлкінің мастық дейді. Мастық өмірден, тіршіліктің сан түрлі мәселелерінен саналы түрде қашу болып табылады. Бірақ адам мас болды екен деп проблема өзі шешілмейді, өмір «өзен» өзінің заңды арнасымен жылжып аға береді. Сонда сайып келгенде ұтылатын тағы жұмыр басты пенденің өзі. Абай мұны былайша түйіндейді: «Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек... Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де - бір антұрғандық. Және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі - өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл. Әрбір ғибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады. Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі.». Абай мұнда бірнеше күлкі туралы айтады. Ызалы күлкі, ғибрат алып күлу, бояма күлкі. Әрқайсысының астары әртүрлі. Ыза болып күлу біреудің жамандығын көрсең, оның сол ісіне ермей, бойынды аулақтап, жамандығынан жиреніп күл деп айтқаны. Ал ғибрат алып күлудің мәні басқа. Біреудің жақсылығын көрсең, олмен бірге қуана біл, сүйсін дегені. Жақсы адамнан тәрбие, үлгі ал деп ой тастайды. Ол – ғибратты іс. Ал соңғы күлкінің жөні мүлде бөлек. Абайда бұл күлкіге терең мән беріп, жазған. Бояма күлкі – жалған күлкі. Адамның – екіжүзділігінің көрінісі. Ақын күлкі арқылы адам бойындағы жамандықты, жаман мінезді, кемшілікті дөп басып көрсетіп тұр. О.Жәлелұлы: «Жә, жаман кісінің қылығын көргенде туындайтын күлкінің екі түрі бар екен: бірі - рахаттанып, айызың қана күлу, екіншісі - ызалы күлкі. Абай осы екі күлкінің біріншісін сөгіп, екіншісін құп алады. Неге? Ойланып көрелік. Біреудің кемістігіне рахаттанып күлу - не күндеуден, не табалаудан туады. Бұл жерде «күл болмасаң бұл бол» принципі жұмыс істейді. Демек, бұл жерде ол адамға қатысты: «бұл да менің туысым ғой», не: «бұл да менің қандасым ғой», не, тіпті болмаса: «бұл да адамның баласы ғой» - деген ой туындамайды. Яғни, бұл күлкімен біз ол адамды адамдық санаттан, адамзаттық қауымдастық санатынан алдын ала шығарып тастап тұрмыз. Сонымен қатар, ол адаммен бірге, бір мезгілде өзімізді де адамзаттық қауымдастық санатынан терістеп тұрмыз. Өйткені, өзіңді адамзаттық қауымдастық санатында сезіну - сол қауымдастықтың өзіңдей тең құқылы мүшесіне қатысты жауапкершілік сезімін тудырады. Ал, жауапкершілік сезімі бар адам басқаның кемшілігіне рахаттанып күлмейді, жаны ашып, ыза болып күледі. Яғни,

ызалы күлкі - өзінді де, өзгені де адамзаттық қауымдастықтың тең құқылы мүшесі сезінуден туындайды. Ызалы күлкі -жамандықты көру, көре отырып - күйіну. Ал, күйініштің арғы жағында әмәнда: «неге жақсы болмайды» - деген игі тілек жатады.» [8]

Абай осы қарасөзінде: «көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ», - деп жазады. Абай жалпы күлкі атаулыға өзінің көзқарасын білдіріп отыр. Күлме демеймін, бірақ күлкі мақтауға тұрмайды деп отыр. Неліктен? Адамның өз қалыбы, өз деңгейі болады. Ал күлкі адамның шектен шығуына жол ашады. Шектен шығушылық қашанда адамды аздырып, тоздырады, кері жүргізеді. Осы орайда тағы да Абайдың өз сөзіне жүгінеміз: «Әр нәрсенің өлшемі бар, өлшемнен асып кетсе, боғы шығады», - деп ескертеді. Бұл жекелеген бір құбылысқа тән емес, жалпы тіршілік иесінің барлығына қарата айтылған. Сондықтан шектен шықпаған, адамның «көкірек көзінен» шыққан күлкінің жөні бөлек. Ал күлкі бағу, бояма күлкіге бой алдыру, біреудің жығылып, сүрінгеніне күлу, немесе керсінше басқаның бойындағы жақсылық атаулыны көре алмай мысқылдау мұның бәрі жат қылық. Бұдан адамзат бойын аулақ ұстау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Семей мен Қарауылдағы Абайдың 150 жылдық мерейтойында салтанатты жиындарда сөйлеген сөздерінен, 10-11 тамыз. 1995 жыл.
2. «Абайтану» курсының оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (әдістемелік құрал). Астана, 2013.
3. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. Алматы, Қазақ университеті, 2004.
4. Жәлелұлы О. «Abai.kz» ақпараттық порталы, «Уайым мен күлкі»
5. Жәлелұлы О. «Abai.kz» ақпараттық порталы, «Уайым мен күлкі»
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10. Алматы. Ғылым, 2003.
7. Құнанбаев А. «Қара сөздері» [bilimkozy.idhost.kz/tags/...](http://bilimkozy.idhost.kz/tags/)
8. Жәлелұлы О. «Abai.kz» ақпараттық порталы, «Уайым мен күлкі»

ӘОЖ 81,317.46

СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ КЕҢЕЮ АРҚЫЛЫ ТЕРМИНДЕНУІ

Ғани Арайлым Алматқызы

Arailym.gani@bk.ru

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Филология факультетінің, «филология:қазақ тілі» мамандығының ІІ курс студенті, Орал, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – К.Жұмашева

Болашаққа сенімді беталысы бар Қазақстанның келер күні - тілі мен мемлекетінің өркендей түсуінде екені сөзсіз. Ертеңгі елінің өрендей ұл-қыздарының болашағы үшін ең қажеттісі – келешекке нық аяқ басқан мемлекетінің қамқоры мен төл тілінде берілетін жан-жақты әрі сапалы білім. Бұл дегеніңіз – заманның талабына сай жоғарғы технологиялы өндірісті басқару және ел игілігіне жарату мүмкіндігі. Ал саналы білім алуда да, отандық өндірісті басқаруда да, сала термин сөздерінің орны ерекше.

Тіл – өмірмен өзектес, жанды құбылыс болғандықтан, тіліміздің сөздік құрамы да бір қалыпта тұрмай, өзгеріп, толығып, дамып отырады. Сөздер мағынасы жағынан функциялық сипатына қарай өзгеруі мүмкін: кейбір сөздер қолдану аясы кеңейіп, жаңа мағынаға ие болса, кейбір сөзде мағынасы тарылып, пассив қабатқа өтуі мүмкін.

Сөз мағынасының дамуы – сөздік құрамның баюының құнарлы жолы деуге болады. Бұл құбылыс тілдің өз ішкі мүмкіндіктерінің негізінде іске асып жатады. Сөзжасамның бұл жолын семантикалық жолмен сөз жасау дейміз.